АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
МАЙКӨМГЕН АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІ
ӘКІМІ

АКИМ
МАЙКУМГЕНСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

№ 35-Ө

Майкөмген ауылы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

19 маусым 2024 жыл

с.Майкумген

**«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 Заңының (бұдан әрі - заң) 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №ДЗГЗ-01-ДЗ/12494-И түсіндірме-хаты негізінде **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «2024 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Мемлекеттік сатып алу жүйесі субъектілерінің сатып алу қызметін құқықтық реттеу және тиімді ұйымдастыру. Міндеттемелерді орындау мен бұзушылықтар бойынша тәуекелдерді анықтау және алдын алу жөніндегі практикалық аспектілер» тақырыбында семинар/форум/конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.

3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

5. Осы өкім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Майкөмген ауылдық округі әкімі **Н.Сауытов**

000020